



www.mmg.kz

Мұнайлы АДЖЕ



«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ газеті • 2009 жылдың 1-мамырынан шыға бастады

mmgpress mangistaumunaigaz_jsc

№05 (151), маусым, 2022 жыл

ҚМГ жаңалықтары

ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ - БАСТЫ НАЗАРДА

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиев Ақтау қаласында еншілес және тәуелді ұйымдар (ЕТҰ) басшылығымен кеңейтілген жиын өткізді.

М. Мырзағалиев еншілес кәсіпорын басшыларының қызмет барысы мен жұмыс жоспарлары туралы баяндамаларын тыңдап, ерекше назарға алатын бірнеше мәселелерді атап өтті. Алдымен, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ және «Қаражан-басмұнай» АҚ бірінші басшыларына осы жылдың соңына дейін бекітілген көрсеткіштерге сәйкес мұнай өндіру және тапсыру жоспарының толыққанды орындалуын қамтамасыз етуді тапсырды.

Бұл басқосуда еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жарақаттану



деңгейін төмендету мәселелері ерекше назарға алынды. М.Мырзағалиев бұл - еншілес кәсіпорындардың басшылары үшін басты міндет екенін айта отырып, мәселені қатаң бақылауда ұстауды тапсырды.

Өңірдегі әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында ҚМГ Басқарма төрағасы еңбек ұжымдарымен тұрақты есеп беру кездесулерін жиі ұйымдастырып тұруды міндеттеді. Бар мекемелерден еңбек заңнамасының қатаң сақталуын

талап етті. «Бұл мәселе жұмыс берушіге де, жұмысшыларға да ортақ талап. Еңбек шарты мен тәртіп бұзу жәйттерін тежеп, жауапты басшылар тарапынан бұл мәселеге салғырт қарау фактілерін болдырмау қажет», - деп атап өтті Мырзағалиев.

Жиын барысында «Өзенмұнайгаз» АҚ басшылығына өндіріс орындарындағы электроэнергияның апаттық ажырату мәселесін жуық арада шешу міндетін жүктелді. Бұл межелеген жоспарлық көрсеткіштерге жетуге зор ықпалын тигізетін маңызды факторлардың бірі екені ескертілді.

Мырзағалиев жаңа ұңғымаларды бұрғылау процесін жақсарту, мұнай алу коэффициентін арттыру үшін ғылыми институттарға жүгіну және заманауи ғылыми-өндірістік әдістерді қолдану қажеттігін де атап өтті.

Басқарма төрағасы Қаражанбас кен орнындағы суды тұщыландыру зауытын пайдалануға беру мерзімін кешіктіру мәселесіне бөлек тоқталды. Зауытты іске қосу жұмысын жеделдетуді тапсырды.

Сондай-ақ, М.Мырзағалиев барлық ЕТҰ басшыларына бір көзден сатып алу көлемін азайту мәселесін қолға алу керек екендігін атап өтті.

www.kmg.kz

Компания тынысы

ІСКЕРЛІК БАЙЛАНЫС НЫҒАЙМАҚ



Кездесуде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директоры Дәулетжан Хасанов қонақтарды компанияның өндірістік-әлеуметтік көрсеткіштерімен, мұнай өндіру динамикасымен, кенорындарында енгізілетін жаңа технологиялармен, экология, еңбекті қорғау және т. б. салалардағы бағдарламалармен таныстырды.

Өз кезегінде Марио-Инго Зоос компанияның жылы қабылдауына

алғысын білдіріп, сондай-ақ «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның өндірістік әлеуеті жоғары екенін атап өтті. Және де қазақстандық және неміс компанияларының экономикалық және өндірістік байланыстарды нығайтатынына сенім білдіріп, екі тараптың да өзара қызығушылық тудыруы мүмкін жобалары бар екенін тілгетік етті.

Атап айтқанда, неміс делегациясы кенорындарын декарбонизациялау жобаларын, жаңартылатын энергия көздері, консалтингтік, заңгерлік қызметтер және тағы басқа жобаларды талқылауды ұсынды.

Кездесу қорытындысы бойынша қатысушылар түрлі мәселелер бойынша өзара іс-қимылдарын бірлесе жасауға дайын екендіктерін білдіріп, алдағы уақытта да іскерлік және өндірістік байланыстарды нығайтуға келісті.

Кездесу қорытындысы бойынша қатысушылар түрлі мәселелер бойынша өзара іс-қимылдарын бірлесе жасауға дайын екендіктерін білдіріп, алдағы уақытта да іскерлік және өндірістік байланыстарды нығайтуға келісті.

24 мамырда «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығы Қазақстандағы Германия Федеративтік Республикасының Бас консулы Марио-Инго Зоос бастаған неміс делегациясымен кездесті. Делегация құрамында Орталық Азиядағы Герман экономикасы өкілдігінің басшылары, неміс халықаралық өндірістік, консалтингтік, логистикалық, консультациялық, заң компанияларының өкілдері бар.



Компания тынысы

АРНАЙЫ СЕМИНАР ӨТТІ

18-20 мамыр аралығында «Жетібаймұнайгаз» және «Қаламқасмұнайгаз» кенорнында азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар бойынша теориялық және практикалық оқу семинары өтті.



қауіпсіздік еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау департаментінің азаматтық қорғаныс және төтенше жағдай тобының жетекшісі Азамат Якиев ашып, оқу семинарына қатысушыларға бүгінгі таңдағы азаматтық қорғаныс және төтенше жағдай мәселесінің өзектілігін түсіндірді.

Төтенше жағдайдың туындау ықтималын азайтуға, сондай-ақ қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтауға, материалдық шығындардың мөлшерін азайтуға бағытталған іс-шаралар жыл сайын жеке құжат түрінде әзірленеді.

Аталған іс-шара аясында азаматтық қорғаныс және төтенше жағдай кезіндегі іс-қимылдарды әзірлікте ұстау, авариялардың, апаттардың және дүлей зілзалалардың алдын алуға бағытталған ұйымдастырушылық және инженерлік-техникалық мәселелері талқыланып, азаматтық қорғаныс мүліктері практикалық және теориялық әдістері көрсетілді.

Кенорнында алғаш рет өткен семинар барысында азаматтық қорғаныс бойынша сертификаттар берілді.

Аталған шараны Маңғыстау облысы бойынша төтенше жағдайлар департаментіне тиесілі азаматтық қорғаныс басқармасының аға офицері, аға лейтенант Бектас Мұратов және «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ техникалық



ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙҒА ҚАНШАЛЫҚТЫ ДАЙЫНБЫЗ?



17 мамырда «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас кеңсесінде «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимыл жоспарын әзірлеу бойынша ауқымды семинар өтті. Семинарға «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-на қарасты еншілес компаниялардың өкілдері қатысты.

Шараны «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаменті өндірістік қауіпсіздік басқармасының бастығы Айсәуір Өтепов ашып, семинарға қатысушыларға бүгінгі таңдағы азаматтық қорғаныс және төтенше жағдай мәселесінің өзектілігін түсіндірді.

Төтенше жағдайдың туындау ықтималын азайтуға, сондай-ақ қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтауға, материалдық шығындардың мөлшерін азайтуға бағытталған іс-шаралар жыл сайын жеке құжат түрінде

әзірленеді. Аталған іс-шаралар жоспарында тізбесі, болжамды көлемі, мерзімдері және ТЖ туындауының алдын алу немесе азайту бойынша оларға жауапты тұлғалар бекітіледі.

Семинар барысында ТЖ жағдай кезіндегі іс-қимылдарды әзірлікте ұстау, авариялардың, апаттардың және дүлей зілзалалардың алдын алуға бағытталған ұйымдастырушылық және инженерлік-техникалық мәселелері талқыланып, іс-қимыл жоспарына біршама өзгерістердің енгізілетіні нақтыланды.



МАРШРУТЫ МАНГИСТАУСКОЙ НЕФТИ

АО «Мангистаумұнайгаз» является одной из крупнейших нефтедобывающих организаций, и стабильно входит в тройку крупнейших компаний-налогоплательщиков Республики Казахстан. Департамент Маркетинга и Сбыта Нефти пользуясь случаем хотел бы рассказать про основные направления реализации нефти.

В 2021 году, АО «Мангистаумұнайгаз» экспортировала нефть по трубопроводу Атырау-Самара через территорию Российской Федерации в страны Европы: через порт Новороссийск – 749 778 тонн, и порт Усть-Луга – 1 892 976 тонн. Фактически на эти два направления приходится 100% объема экспортируемой нефти АО «Мангистаумұнайгаз».

Основными покупателями нефти АО «Мангистаумұнайгаз» являются такие страны как Италия, Нидерланды, Германия, Китай, Индия, Греция, Турция, Испания, Польша, Литва и т.д.

В 2022 году в связи с последними геополитическими событиями в мире, санкционными рисками, аварии на Каспийском трубопроводном консорциуме (КТК), АО «Мангистаумұнайгаз» помимо основных направлений Новороссийск и Усть-Луга рассмотрел

альтернативные направления на экспорт за счёт снижения экспорта через территорию Российской Федерации, в частности по трубопроводу Атасу-Алашанькоу в Китайскую Народную Республику, также запланирован экспорт нефти в Республику Узбекистан через железнодорожное сообщение (через станцию «Махамбет» в Атырауской области). В качестве запасного альтернативного маршрута рассматривается вариант транспортировки нефти танкерами в порт Батуми (Грузия) через морской порт Актау. Стоит учитывать что эти альтернативные направления имеют существенные ограничения по производственной мощности транспортировки нефти и весь объём нефти АО «Мангистаумұнайгаз» предназначенный для экспорта транспортировать по данным направлениям физически невозможно.



Не стоит забывать, что больше половины добываемой АО «Мангистаумұнайгаз» нефти поступает на внутренний рынок в 2021 году: в Атырауский нефтеперерабатывающий завод (АНПЗ) поставлено 1 535 100 тонн, в Павлодарский нефтехимический завод (ПНХЗ) – 1 340 700 тонн и в Шымкентский нефтеперерабатывающий завод (ПКОП) - 326 000 тонн.

Нужно также учитывать что нефть поставляемая на внутренний рынок продаётся по цене гораздо меньше экспортируемой.

В целом на сегодняшний день поставки нефти как на внешний так и на внутренний рынок осуществляются стабильно и без срывов. Несмотря на непростую геополитическую ситуацию, «Мангистаумұнайгаз» четко выполняет все взятые на себя обязательства по поставкам нефти.

Мерейтой

АМАНАТ АРҚАЛАҒАН АЗАМАТ

«Сүйер ұлық болса, сен сүй, сүйсінерге жарар ол»
Абай

1972 жылдың маужыраған мамыр айының 14-күні болатын. Аудан орталығы Шетпе кентінде ауыл спортшыларының спартакиадасы өтуде. Волейболдан «Бозашы» кеңшарының Ақшымырау бөлімшесінің жігіттері қарсыластарын түтірер емес, ал жеңіл атлетикадан «Октябрьдің 50 жылдығы» атындағы кеңшардың Шебір бөлімшесінің желаяқтары талайларды шаң қаптырыпжатыр...

Біздерді – ақшымыраулықтарды бастап келген сегіз қырлы, бір сырлы атақты спортшы Себенғали Шомбалов болса, шебірліктердің серкесі - өнерпаз-спортшы Мұхит аға Оспанов болатын.

Жарыс қорытындысы бойынша волейбол мен жеңіл атлетикадан жүлделі I орындарға ие болған ақшымыраулықтар мен шебірліктер оңашалау бір жерге жиналып, кубоктарын тамашалап, «жуу» рәсімдерінің үстінде Мұхит ағамыз: «Бүгін

1994 жылы Алматы қаласынан политехникалық институттың мұнай факультетін тау-кен инженері мамандығы бойынша қызыл дипломмен бітіріп шыққаннан бергі қарайғы еңбек жолдары елдің көз алдында. Жолдамамен Қаламқас кен орнының №1 мұнай-газ цехының шебері, инженер-технологы, №2 мұнай-газ өндіру цехы бастығының орынбасары, орталық инженерлік-технологиялық қызмет бастығының орынбасары қызметтерінде болды.

2010 жылдың мамыр айында 38 жасында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының бастығы болып тағайындалып, қызметін абыроймен атқарып келе жатыр.

Маңғыстау ауданының халқы Нұрпейіс Мизанбайұлының жастығына қарамастан, іскерлік қабілеттерін бағалап, туған жерінің патриоты екенін ескере отырып, облыстық мәслихат



бір ерекше қуанышты күн болып тұр, жаңа ғана ауылдан жағымды хабар келді, жиенді болып жатырмын» - деп жүзі нұр жайнап, көңілдене түсті. Келесі болып сөз алған Себенғали аға: «Ал, Мұха, жиенің құтты, бауы берік болсын! Өзің сияқты жан-жақты, еліне елеулі, халқына қалаулы, спортқа жанашыр азамат болсын! Шебірге тағы бір желаяқ келді десеіші», - деп сөзін аяқтап еді...

Содан бері қарай да 50 жыл өте шығыпты-ау! Екі ауылдың спортшылары болып өмірге келгенін жуған кішкентай нәресте, бүгінгі Маңғыстаудың марқасқа азаматы Нұрпейіс Мизанбайұлы болатын.

Иә... Нұрпейіс 50-ге толды. Спорт десе, өнер десе, ішкен асын жерге қоятын, волейбол добы мен торын, команда мүшелерінің формаларын өз қаражатына ту-тонау Гурьевтен арқалап ала келетін Себенғали ағаның құдай аузына салды ма, спортқа жанашыр азамат болып өссін деген бата-тілегінің бірнеше есе артығымен орындалып жатқанына бүкіл Маңғыстау елі куә. Тек спорт жанашыры ғана емес, ел жанашыры, бас ауырып, балтыры сыздағандардың жанынан табылатын, елдік шаруалардың басында жүретін, елдің арқа сүйер азаматы, нағыз халық қалаулысы!

депутаттығына үміткерлікке ұсынып, сайлаушылардың 97% дауысына ие болған. 2012 жылдың қаңтарынан бастап, Маңғыстау облыстық мәслихатының депутаты. Депутат ретінде Нұрпейістің атқарған қызметтерін санамалап тауысу мүмкін емес. Жұмыссыз жүрген ауыл жастарын жұмысқа орналастырып, елдің алғысын алды. Маңғыстау ауданына қарасты қанша елді мекен болса, солардың қай-қайсысының да мәселелері Нұрпейістің араласуымен шешімін тауып отырды. Олардың арасында тазалалық жүргізу үшін техника бөлу, жолдардың «жыры», сайдың үстімен өтетін көпір салу, интернет байланысы, бітеліп қалған су көздерін ашу, фонтандар басына астаулар орнату, қоршау жұмыстары, спорттық жарыстар ұйымдастыру, жеңімпаздарға демеушілік жасау, мүжәлсіз отбасыларына қайырымдылық көмектер ұйымдастыру, спорттық алаңдар салу, т.б. толып жатыр...

Ауылға Нұрпейіс келді десе, үлкен-кішісі тайлы-таяғы қалмай кездесіп қалуға асығады. Біреуі алғыс айтып қалу үшін келеді, енді біреуі басындағы мәселесін шешіп беруге көмек сұрайды. Ал, ауыл әкімдерінің сірә, түрлі бағыттағы көмек сұраған хаттары дайын тұрады ғой! Осылардың барлығының дерлік

мәселелері шешімін тауып жатады. Нұрпейіс халықтың аманатын сеніммен арқалаған азамат. Аманатқа қиянат жасамау - оның өмірлік қағидасы, отбасында алған тәрбиесі. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» - деп халық даналығында айтылғандай, Мизанбай ағамыздың ұл-қыздары «оқ та жонды, тон да пішті».

Нұрпейісте атақ та, марапат та жетеді. «Құрмет» орденінің иегері атанды. Әңгіме атақ-мансапта емес қой! Нұрпейіске Маңғыстау халқы берген атағы мен абыройынан артық атақ та, мансап та керек емес. Нұрпейіс ердің жасы 50-ге келді. Қашан көрсең де, халықтың ортасында «галстуксыз» кездесу ұйымдастырып, елдің мұң-мұқтажын тыңдап жүреді. «Өлі жібімей, тірі байымайды», - дегендей, Нұрпейістің араласуымен облыс көлемінде бірде-бір әулие қауым қоршаусыз қалған емес.

Нұрпейістің тікелей араласуымен елдің тарыққанда, қамыққанда сиынып медет тілеп баратын қасиетті орны-Тобықты жеріндегі Бекет Ата мешітінің үйі кеңейтіліп, жаяу жүогіншілер жолы салынып, газ тартылып, ағаштар егіліп, қоршаулар жасалды.

Қайсыбірін айтайын? Сөзімнің басында айтып кеткендей, ел үшін еткен еңбегін санамалап тауысу мүмкін емес.

Нұрпейістің деңгейіндегі басшылардың ел ішінде, ауылда әке-шеше қолында тұруы сиректеу кездеседі. Француздардың мақалын келтірмей-ақ, өзіміздің Мұқағали да айтып кетіпті ғой: «Жамандарың Алматыға кетіп, жақсыларың ауылда қалыпсыңдар ғой», - деп. Реті келгесін айтып жатқан ғой. Жақсыға қай жерде де бәрі бір емес пе! Нұрпейістің әкесі Мизанбай Сәрсенбайұлы, анасы Тәжіхан Оспанова оқу-ағарту саласының ардагерлері.

Мизанбай ағай аудан көлеміне кең танымал атақты математик. Одақтың кезінде оқу-ағарту саласында неше түрлі реформалар өмірге келіп, сабақтөкізудің не түрлі әдістері кеңінен таратылып жатқан кезде, Мизанбай ағайдың айтатыны ғой: «Маған кластың тақтасын тап-таза етіп сүртіп, жұққыр бор дайындап қойсаңдар болады, басқа көрнекі құралдар қажеті жоқ», - деп. Ұзақ жылдар Шебір мектебінде оқу ісінің меңгерушісі болып абыройлы еңбек етті. Қазір Мизекен атында Шебір мектебінде математика класы бар. Нұрпейістің жолдасы - Ғазиға қызымыз ауылдық ауруханада жұмыс жасайды. Екеуі үш бала тәрбиелеп, өсіріп отыр (Жазира - 2002 ж., Әдиқожа - 2005 ж., Әмин - 2009 ж.т.)

Күні кеше, кең Жылыой жерінде, иманды болғыр, Сақып ағамыз бастап беріп кеткен, ғасырлар қойнауында көміліп қалған Дәулеталы ағайынның ата-бабасын бір аунатып, тірілерін бір - бірімен таныстырған үлкен шаруаны жоғарғы деңгейде өткізіп, қалың елдің шексіз алғысын алған да Нұрпейіс болатын.

Ізгі лебізімді екі шумақ өлеңмен аяқтайын:

*Елуге келдің елу аманат арқалап,
Маңғыстау жұрты ұлымен сендей мақтанар.*

*Мамыражай мамырда ақнұрт төгіліп,
Бусанды дала, көгерді жусан,
шартарап.*

Киелі жердің маңдайына біткен марқасқам,

Артық емес-ау арналса саған жыр - дастан.

Қабыл ал, осы шағындау жазған мақала,

Арналып саған жіберіп жатқан ел жақтан.

**Дариссалам Тілеубай
Ақшымырау ауылы**

Үздік маман - 2022

ӨЗ КӘСІБІНІҢ ҮЗДІКТЕРІ АНЫҚТАЛДЫ



2 маусым күні Қаламқас кенорнында "Үздік маман-2022" кәсіби байқаудың II кезеңі аяқталды. Байқаудың бірінші кезеңінен сүрінбей өткен 42 мұнайшы үздіктердің үздігі атануға бар күштерін салды.

Аталған сайыс 1-кезеңдегідей мұнай және газ өндіру операторлары, слесарь-жөндеушілер, қабат қысымын ұстау операторлары, электржазбен дәнекерлеушілер, токарлар, ұңғымаларды зерттеу операторлары және химиялық талдау зертханашылары арасында өткізілді.

Бірінші күні байқаудың практикалық бөлімі өтті. Мысалы, мұнай және газ өндіретін операторлар сорғы салықтарындағы тығыздағышты ауыстыруға қажет болды. Сонымен қатар, барлық тапсырмаға

олар жұмыстың жылдамдығы мен сапасын, сонымен қатар қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау қағидаларының сақталуын, жұмыс орнының мәдениетін бағалады.

Практикалық дағдыларды бағалау нәтижелері бойынша кемінде 4,5 ұпай жинаған үміткерлер байқаудың теориялық бөліміне қатысты. Теориялық бөлім бақылау комиссиясының қатысуымен "My Test" бағдарламасында өткізілді. Қатысушылар 60 минутта 50 сұраққа жауап беруге тырысты.



ең көп дегенде 11 минут уақыт беріліп, құралдарды дұрыс пайдаланбағаны немесе жекелеген операцияларды өткізіп жібергені үшін айыппұлдар есептелді.

Токарлар 425 сызбаға сәйкес, ОЖЖ 180-85 сорғысына қашықтықтан тепкіштік төлке жабдығын дайындауға тиіс болды. Химиялық талдау зертханашылары тауарлық мұнайдың тығыздығын анықтаса, қабат қысымын ұстау операторлары ұңғымадағы шарлы дроссельді кранды ауыстыруды жүзеге асырды.

Әрбір қатысушыны комиссия мүшелері мұқият бақылап қана қоймай,

Фанфар үні естілгенде кеудесін қуаныш кернеп, сахнаға алшақ басып нағыз шеберлер мен өз ісінің мамандары шығатын сәтті әр мұнайшы армандайтыны анық қой. Міне, арман орындалды! Жұлдызды минуттар туды. Басқарма басшылары байқау жеңімпаздарын құттықтап, естелік сыйлықтармен қатар, әр қатысушыға 50 000 теңгенің сертификаттарын табыстады.

Жыл сайын өз мамандығының сайыпқырандарын сынға салып, жүзден жүрік шыққандарды анықтау бүгінде – Компаниямызда жақсы үрдіске айналды. Ең бастысы, осындай сайыс бір салада



Мұнай және газ өндіру операторы

1 орын – Серікбаев Қуаныш Ұзақұлы, «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ №2 МГӨК 4-дәрежелі мұнай және газ өндіру операторы
2 орын – Махамбетов Талғат Болатұлы, «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ №3 МГӨК 4-дәрежелі мұнай және газ өндіру операторы
3 орын – Сарсенбаев Фархад Дәуірханұлы, «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ №3 МГӨК 4-дәрежелі мұнай және газ өндіру операторы

еңбек ететін әріптестердің бір-бірі мен тәжірибе алмасып, біліктілігін арттырып қана қоймай, шеберлігін шыңдауға мол мүмкіндік береді.

Сайыстың барлық жүлдегерлері үшін күнтізбелік жыл ішінде орташа айлық тарифтік мөлшерлемесіне ай сайынғы белгіленген 1-орын үшін – 30%, 2-орын үшін – 20%, 3-орын үшін – 10% мөлшерінде қосымша ақы төленеді. Сондай-ақ, төртінші орын алған қатысушылар қоғам



Химиялық талдау зертханашысы

1 орын – Абатова Гүлзия Төлесінқызы, «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ Ғылыми зерттеу және өндірістік жұмыстар цехының 5-дәрежелі зертханашысы
2 орын – Мовжанова Аршынгүл Қалдыходжақызы, «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ Ғылыми зерттеу және өндірістік жұмыстар цехының 5-дәрежелі зертханашысы
3 орын – Джайлиханова Нұржамал Түгелбайқызы, «Жетібаймұнайгаз» ӨБ Ғылыми зерттеу және өндірістік жұмыстар цехының 4-дәрежелі зертханашысы



кәсіподағының атынан ынталандыру сый-сияпатына ие болғанын атап өткен жөн.

Сонымен қатар, "Үздік маман - 2022" жеңімпаздары осы жылы күзде өтетін "Қазмұнайгаз" Ұлттық компаниясының "Үздік кәсіп иесі" байқауында өз ұжымының намысын қорғайтын болады.

Біз де өз атымыздан кәсіп аламында оза шапқан жеңімпаздар мен жүлдегерлерді шын жүректен құттықтаймыз!



Слесарь-жөндеуші

1 орын – Бижанов Абдол Тұрдымұратұлы, «Жетібаймұнайгаз» ӨБ №1 МГӨК 5-дәрежелі жөндеуші слесарі
2 орын – Оңғалиев Кенжебек Мырзабекұлы, «Жетібаймұнайгаз» ӨБ №1 МГӨК 5-дәрежелі жөндеуші слесарі
3 орын – Абуов Ренат Жұмабайұлы, «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ №3 МГӨК 4-дәрежелі жөндеуші слесарі



Ұңғымаларды зерттеу операторы

1 орын – Қазиев Асхат Ақбергенұлы, «Жетібаймұнайгаз» ӨБ Ф3ЖӨЖЦ 5-дәрежелі ұңғымаларды зерттеу операторы
2 орын – Мақсатұлы Жомарт, «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ Ф3ЖӨЖЦ 5-дәрежелі ұңғымаларды зерттеу операторы
3 орын – Жұрымбаев Айбек Әділханұлы, «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ Ф3ЖӨЖЦ 4-дәрежелі ұңғымаларды зерттеу операторы



Қабат қысымын ұстау операторы

1 орын – Айжарықов Серікбол Айжарықұлы, «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ Қабат қысымын ұстау цехының 4-дәрежелі операторы
2 орын – Қалмағанбетов Айболат Айтбайұлы, «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ Қабат қысымын ұстау цехының 4-дәрежелі операторы
3 орын – Сүйесін Мұрасбек Сүйесінұлы, «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ Қабат қысымын ұстау цехының 5-дәрежелі операторы



Токарь

1 орын – Иман Рахат Жарылғасұлы, «Жетібаймұнайгаз» ӨБ Механикалық цехтың 5-дәрежелі токары
2 орын – Садақбаев Серік Дәуітбайұлы, «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ Пайдаланыстағы жабдықтарды прокаттау-жөндеу цехының 5-дәрежелі токары
3 орын – Секов Рахат Аманжанұлы, «Жетібаймұнайгаз» ӨБ Механикалық цехтың 5-дәрежелі токары



Электржазбен дәнекерлеуші

1 орын – Балғазиев Әнуарбек Бекібайұлы, «Жетібаймұнайгаз» ӨБ ПЖПЖЦ 5-дәрежелі электржазбен дәнекерлеушісі
2 орын – Қонарбаев Ғабиден Балықбайұлы, «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ ПЖПЖЦ 5-дәрежелі электржазбен дәнекерлеушісі
3 орын – Жарманов Асылбек Сәуірғалиұлы, «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ ПЖПЖЦ 5-дәрежелі электржазбен дәнекерлеушісі

Еңбек адамы

ЕЛГЕ ЕТКЕН ЕҢБЕК ЕЛЕУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

Мұнай-газ саласына ел тәуелсіздігімен тұспа-тұс кезеңде араласып, күні бүгінге дейін өнімді еңбек етіп жүрген майталман мұнайшылар аз емес. Газетіміздің «Еңбек адамы» айдарының кезекті кейіпкері – біз айтып отырған саланың білікті маманы. Бөкенбай Игішов сонау 1990 жылдары «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-на жұмысқа кіріп, қазіргі сәтте ел қазынасын молайтуға өз үлесін қосып жүр.

Бөкенбай Игішов қазіргі таңда №2 Мұнай және газ өндіру цехында оператор болып жұмыс істейді.

– 40 жылға жуық өмірім өндірісте өтті. Қазаққа бұйырған ең байлықтың бір бөлшегінде біздің де үлесіміз барына көңіл тоқ. Мұнай-газ саласы өңірге ғана емес ел экономикасына дем берген сала ғой. Үлкен жауапкершілікті, білім-білікті талап ететін өндірісте аға буыннан үйренген азды-көпті тәжірибемізді ізге ерген жастарға үйретіп жүрген жайымыз бар, - дейді ол.

Бөкенбай Ізтұрғанұлы Маңғыстау ауданы, Жармыш ауылының тумасы. Бүгінде құдай қосқан жарымен ұл-қыз өсіріп отырған бақытты шаңырақтың отағасы.

– Қызым тұрмыста, өз саласы бойынша білікті маман. Ұлым ізімді қуып, мұнайшы болды. Бүгінде «Қаражан-басмұнай» компаниясында еңбек етеді. Әкем Ізтұрған Игішов, анам Төлеу Игішова мал шаруашылығымен айналысып, бүгінде бейнетінің зейнетін көріп отыр, - дейді Бөкенбай аға.

Операторлықтың қыр-сырын жетік меңгерген кейіпкеріміз өндіріс басындағы жұмыстың қызу жүріп жатқанын, ұңғымалар ұдайы бақылауда екенін айтады.

– Біздің цехқа қарасты 48 ұңғыма бар. Бұл ұңғымалар тәулігіне 3 500 текше метр сұйықтық беріп тұр. Ұңғыма жұмыстарын жіті бақылаймыз. Өндіріс жұмысы бүгінде едәуір ілгеріледі. Алғаш жұмысқа келген кезең мен қазіргі уақытты салыстыруға мүлдем келмейді. Қазір дамыған техно-



логия өндіріске дем беріп, жұмысты алға жетелеп келеді. Еліміздің экономикасының өрлеуін, қазынамыздың молаюын қалаймыз. Жұмыс өнімді болса, табыс мол болса, отбасымыз үшін де, Отанымыз үшін де жақсы ғой. Қазақстанымыз өсіп-өркендей

берсін. Болашақ ұрпағымыз үшін еңбек етуден біз әсте жалықпаймыз, - деп сөз соңында жүрекжарды лебізін білдірді.

Біз де өз кезегінде еңбек адамының жұмысына зор жетістік тілеп қоштастық.

«ӘКЕМДІ ҮЛГІ ТҰТАМЫН»

Жігіттің төрт құбыласының түгендесек, ұшқан ұясы, еліне қызметі, ұрпағына қамқорлығы болып жалғаса беретіні хақ. Ал Жанайдар Иманалиевтың өмірбаянын таратсақ, арғысы Жайық бойы, бергісі Маңғыстауда Жанайдардың әкесі Шабаз Иманалиевті білмейтін жан сирек. Шабаз ата – Маңғыстаудың өз алдына жеке шаңырақ көтеріп, жаңадан Маңғышлақ облысы құрылған тұста қызметке шақырылып, осы өлкенің дамуы мен гүлденуіне өмірінің соңына дейін қалтқысыз қызмет еткен жан. Түпқараған ауданының «Құрметті азаматы». Көптеген облыстық мекемелерді, атап айтқанда, баспа, полиграфия, Каспий аймақтық құрылыс және облыстық партия комитетінің бақылау комиссияларын, еңбек және әлеуметтік қорғау басқармасын талай жыл абыроймен басқарды. Ақын, қоғам қайраткері Шабаз Иманалыұлының көптің көкірегінде жақсы аты, абыройлы даңқы қалды. Артында қалған ұрпағына айтылар жылы лебіз, ыстық ықылас қазақта «әкең өлседе, әкеңді көргендер өлмесін» деген жақсы сөзге саяды.



айналысатын цех, бөлімшемізді алсақ та олардың мақсаты – ең бірінші еңбек және техника қауіпсіздігін қатаң сақтап, қоршаған ортаға залал келтірмей, сапалы нәтижеге қол жеткізу деп білем. Бұл тұрғыда жұмысшылардың еңбегі орасан, - дейді Жанайдар Шабазұлы

Қаламқас кенорнындағы мұнай-газ өнеркәсібінің – «жүрегі» деп жүрексінебей айтатын Орталық инженерлік-технологиялық қызметтің атқаратын салмағы, көтерер жүгі ауыр.

Өндірістік бөлімшелердің іс-әрекетін тәулік бойы бақылауды, барлық объектілерден ақпарат жинауды өз міндетіне алған. Апаттарды жою жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру, оқыс жағдайлар кезінде көмек көрсету секілді мұнайшылар өміріне жауапты саланың басы-қасында Жанайдар жүреді. Тәулік бойы екі ауысымда инженер, пульспен басқару операторы, ауысым бастықтары тікесінен тік тұрып қызмет істейді. Сондағы мақсат – өздері қалаған мамандықтың жілік-майын шағып ішсе де, жалқаулық пен салғырттыққа жол бермей, компанияның ырыс-несібесінің молаюына бір кісідей үлес қосы.

– Мақсаттың үлкені – елге, жерге, туған-топырағына қалтқысыз қызмет ету деп білем. Адамдарға қолымнан келгенше қол ұшын созып, білгеніммен бөлісем деймін. Менің де осы тұрғыда әлі үйренерім көп, - дейді еңбек адамы.

Бүгінде Құдай қосқан жары Әсем Ақылбайқызымен Адия, Инаят атты қос қызды тәрбиелеп отырған бақытты шаңырақ иесі әкеден алған тәлімін өмір жолына жол сілтер темірқазық деп түйеді.

«Ұжымды басқарып, оны алға сүйреу, жұмысшылардың жағдайына қарайласып, өндірісті ұтымды ұйымдастыра білу, барлығын тепе-теңдікте ұстау оңай шаруа

емес. Дер кезінде шешім қабылдауды талап ететін іске үлкен жүрек, тәжірибе, уақыт керек», - дейтін білікті басшының бойындағы қабылет-қарымы жақсы әкеден жұққан жайсаң мінезге байланысты деп топшылады.

– Мен әкемді үлгі тұтамын. Себебі әке бала үшін ең жақын дос, бой түзеп, бағыт беретін ұстазы деп білем. Ол кісі адалдық пен әділдікті сүйді, бізге жақсы өнеге көрсетті, - дейді Жанайдар.

Жанайдардың анасы Еркін Ғайсақызы облыстық тұрмыстық-қажет комбинатының, «Южный УМНП», «Мангышлак-нефть» мекемелерінде бас есепші қызметін атқарған.

Жары Әсем де өзі секілді өмірін осы салаға арнады. Бүгінде білдей компанияда білікті геолог.

«Жарыма құрметпен қараймын, қыздарым әрдайым әке жылулығын, әке қамқорлығын сезініп өссе деймін. Қос құлыншағымның болашақта өзгерістен қалыс қалмай, қай салада болмасын, үздік шығып, жетістікке жетуі үшін бар күш-жігерімді жұмсауға бармын», - деп сөзін аяқтаған Жанайдарға қарап көңілімдегі көп сөзді осылай қорытындылай салдым.

Біздің Маңғыстауда «кімнің баласы екен», «кімнің баласы десеңші!» деген сөз бар. «Жақсыдан жақсы тусашы, ата жолын қусашы» деген тілекші көңілдің аржағында үлкендердің жүрегінің түкпірінде адастырмас жолды, бұлтартпайтын мақсатты, ақыл мен кісілікті мұрат еткен ұрпақтың болғанын қалайтын жан қалауы тұрады-ау...

Ендеше Жанайдардың ұжымда беделді, өз қатарластары арасында оқ бойы озық болатыны тегіннен тегін емес екен.

ЖАННАТ КЕМАЛ



«Әкенің балаға берер ең үлкен сыйы – жақсы тәрбие» деген ұлағатты сөздің ақиқатын тарқатсақ, бұл бүгінгі кейіпкеріміз Жанайдар Иманалиевтың отбасына, алыс-жақындағы ағайын-жұртқа, ынтымағы жарасқан ұжымына қадірі асқан, жақсы азамат атануында жатыр.

2005 жылы Ш.Есенов атындағы АқТМУ оқу орнын «Мұнай-газ кен орындарын игеру және пайдалану» мамандығы бойынша тәмамдаған ол тамыз айында Қаламқас кенорны №1 МГӨК цехында оператор болып еңбек жолын бастайды.

Диспетчер, көлік, мұнай-газ өндіру инженерінен ауысым бастығы лауазымына дейін өсті. Білігі мен тәжірибесін сарп еткен салада ақырын жүріп абырой жиды. Өндіріс өмірі жас маманды отқа да, суға да салды. Мойымады. Қиындыққа қарсы тұрар қайсарлықты қайраткер әкенің қасында жүріп ұққан Жанайдардың біздің тілшілермен сұхбаты да соғұрлым мәнді болды.

– Қазіргі таңда жаңа технологиялардың көмегі едәуір. Осының нәтижесінде жұмыс жүйелі, еңбек өнімді десем артық айтқаным емес. Қай саламен

БІЛІМ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінде "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ-на жұмысқа орналасатын үміткерлерді оқыту жалғасуда. Ескерте кетер жайт, компанияға жұмысқа орналасатын үміткерлерді арнайы құрылған "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ комиссиясы, сондай-ақ Маңғыстау облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының Қарақия және Маңғыстау бөлімдері анықтады.

Нәтижесінде, қатаң іріктеуден өткен 99 адам таңдалып алынып, олар қазіргі уақытта Есенов университетінде екі айлық оқу курстарынан өтіп жатыр.

Бүгінгі таңда тыңдаушылар "Yessenov University білім беру интенсиві" деп аталатын оқыту курсының жартысын ойдағыдай меңгерді. Бұл жоба қаржылық және экономикалық сауаттылықты, мұнай-газ ісі негіздерін, soft skills, құқықтық сауаттылықты және өнеркәсіптік қауіпсіздік негіздерін оқытуды көздейтін бес модульден тұрады.

– Ең алдымен, осы айда балалар жақсы жаққа қарай өзгергенін атап өткім келеді, - дейді жоба жетекшісі, үздіксіз білім беру институтының директоры, Ш.Есенов атындағы КМТИУ Экономика кафедрасының профессоры Айжан Омарова. – Тыңдаушылар көшбасшылық қасиеттерді дамытып қана қоймай, ұтқыр әлемдік трендтерді жылдам игеру қажеттігін түсінді. Балалардың көздері жанып тұр, бәріне қызығушылық танытқандары қуантады. Осының бәрі әлбетте біздің оқытушыларға шабыт сыйлайды. Ұстаздарымыз барлығына дән риза. Ең бастысы, үміткерлер курсқа үлкен жауапкершілікпен қарайды.

Күн сайын таңертең тыңдаушылар физикалық жаттығулар жасайды. Содан кейін теориялық және практикалық сабақтар оқиды. Алайда, көбі жұмыстан бос кезде өз уақыттарын пайдалы істерге арнағанды құп көреді, мысалы, жақында университет корпусының жанында ағаштар отырғызды, демалыс күндері тимбилдингте өз күштерін сынап көрді, сондай-ақ театрға барып, теңіз

мүмкіндік бергені үшін үлкен алғыс айтқым келеді. Сондай-ақ, университет оқытушылары оқуды жақсы ұйымдастырғаны көрініп тұр. Ұстаздар кез-келген сұрағымызға жауап беріп, білмегенімізді үйретіп жатыр. Есенов атындағы университет мен үшін бөтен емес, кезінде мен осында оқып, білім алғанмын. Баршаңызға тағы да үлкен рахметімді айтамын.

– Мен Алматыдағы Халықаралық IT университетін бітірдім. Мұнай саласы жаныма жақын, өйткені әкем



жағалауындағы сенбілікке қатысты. Жақын арада тыңдаушылар өңір ардагерлеріне қайырымдылық мақсаттарымен келуге ниетті. Сонымен, балалар білім беру, спорттық және мәдени өмірге толығымен еніп кетті деп айта аламыз.

– Менің бес балам бар. Анам зейнеткер, жұбайым бала тәрбиесімен айналысады. Балаларымның ең кішісі екі жаста, - дейді Қарақия ауданы Жетібай кентінің тұрғыны Бақытжан Кенжебаев.

– Біздің ауылда жұмыссыздық мәселесі өте өзекті болып тұр. Осы орайда "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ басшылығына, аудан әкімдігіне, компанияға осындай

"Қаламқасмұнайгаз" ӨБ-де 30 жылдан аса жұмыс істеді, - дейді Маңғыстау ауданы, Тұшықұдық ауылының тұрғыны Әлішер Қыдырбай. – Өкінішке орай, 2019 жылы әкем 49 жасында қайтыс болды, мен де оның ізін жалғап, мұнайшы боламын деп үміттенемін. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, "Маңғыстаумұнайгаз" басшылығы мен университет ұстаздарына үлкен алғыс айтамын, біз үшін барлық жағдай жасалған, оқуда ешқандай мәселе жоқ. Мен мұнай-газ ісі және soft skills модульдері бойынша оқуды бітіріп, өзім үшін көптеген жаңа және пайдалы нәрселерді білдім. Мысалы, мұнай-газ ісі бойынша практикалық сабақтар

университеттің оқу полигонында өтті. Онда белгілі мұнайшы-ардагер Өрен Сағындықов тыңдаушыларға мұнай өндірудің барлық қыр-сырын жан-жақты түсіндірді. Теориялық сабақтар да өте қызықты. Алған білімім болашақта маған пайдалы болатынына сенемін.

Айта кету керек, университет тыңдаушыларға қаламыздағы спорт-сауықтыру орталықтарына атап айтқанда, волейбол, футбол, жүзу бассейндеріне баруды ұйымдастырып отыр. Енді үміткерлер сабақтан тыс уақытта спортпен шұғылданып, салауатты өмір салтын ұстануға мол мүмкіндік алады.

"Маңғыстаумұнайгаз" АҚ барлық білім алушыларға 60 000 теңге көлемінде ай сайынғы стипендия төлейді, сондай-ақ басқа қалалардан келгендерді жатақханамен қамтамасыз етеді. Екі айлық курстан кейін тыңдаушыларды қатаң тестілеу мен емтихан күтіп тұр, тек тест пен емтиханды сәтті тапсырған жағдайда ғана олар "Маңғыстаумұнайгаз" секілді үлкен әрі тату ұжымның қатарына қосыла алады.

Ал әзірше балалар ғылымға ден қойып, өздеріне сапалы білім қорын жинауды және жаңа достар мен тәлімгерлер табуды жалғастыруда.



Ақжолтай хабар

ЕСКЕНДІР – ЖЕҢІМПАЗ!

1-маусым – балаларды қорғау мерекесі күні редакциямызға жағымды жаңалық келіп түсті. Әріптесіміз ұңғымаларды бұрғылау және күрделі жөндеу департаментінің маманы Гүлжамал Бижанованың ұлы Ескендір Асланұлы «Қазмұнайгаз» ҰК» АҚ ұйымдастырған «Қоғамға пайдалы бол!» шығармашылық байқауында топ жарып, 100 баланың ішінен үздік шығыпты.

– Ақшұқыр мектеп-гимназиясының 3-сыныбында оқимын. Бұл менің алғашқы байқауым.

1-орын алғанымды естігенде қатты қуандым, – дейді Ескендір батыр.

Астанадан жеткен ақжолтай хабарды сүйіншілей келген әріптесіміз:

– Ұлыма ұсыныс ретінде айтып көріп-ем, қуана қабыл алды. Міне, нәтижесі, – дейді Гүлжамал.

«Баланың қуанышы – ананың қуанышы» деген осы емес пе? Әрбіріміздің шаңырағымызда осындай қуаныш сыйлар көзіміздің нұры мен гүлдері есен-сау ержетсін!



1-маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні

БӘРІ ДЕ БАЛАЛАР ҮШІН...

Бұл өмірдің базары да, ажары да - біздің бүлдіршіндеріміз. «Бір қозы туса, бір түп жусан артық өседі» деген тәмсілді ұстанатын қазақ әр сәбидің өз несібесімен дүниеге келетінін айтады. Перзентін көңілдің гүлі, көздің нұрына теңеп, жүрек түкпіріндегі үлкен үміттердің иесі деп біледі. Сондықтан 1 маусымда тойланатын Халықаралық балаларды қорғау күні – орны ерек, мәні бөлек мереке.



Осы атаулы датаға орай, компания 600 балаға ертегілер әлеміне саяхат жасауға мүмкіндік сыйлады. 1-2 маусым аралығында Маңғыстау облыстық қуыршақ театрының әртістері мұнайшы балаларды қуана қарсы алды.

«Сиқырлы сандық», «Дос болайық», «Насрединнің алтын есегі» атты қойылымдар кішкентай көрермендерімізге зор қуаныш сыйлады. Бірі асыр сап би билесе, бірі интермедиялық ойындарға қатысты.

– Осындай мерекеде өз қызметкерлерінің балаларын қуанып, қуыршаққа алып келген «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ алғыс айтамын. Балалардың эмоциясы, күлгені, жадырап жүргені бәрі керемет, – дейді қуыршақ театрының директоры Фарид Момбековна.

«Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының мұнай айдау және өткізу цехының ауысым инженері Владимир



Қызылғұлов аталған шараны балаларға жасалған үлкен қамқорлық деп санайды.

– Бүгін екі қызыммен келдім. «Менің досым – жел» деп аталатын ертегі қойылымы қыздарыма қатты ұнады. Компанияның ұйымдастырған ізгі шарасы жалғасын таба бергей, көп рақмет, – дейді әріптесіміз.



Мұнайлы Олке

Меншік иесі - «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ

Редактор: Есназар Сұлтанов

Редакция алқасы: - Ф.Әбдісадық
- Ж.Кемал.

Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз:
130000, Ақтау қаласы
6 ш.а., № 1 үй,
тел:
212-035, 215-266
211-885, 212-194

Газет айына 1 рет
шығады.
Тегін таратылады

Газет ҚР
Мәдениет және
ақпарат
министрлігінде
есепке
қойылып,
№ 9675 - Г
күелігі берілген

▶ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
▶ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
▶ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.
Индексі: 64265

«ADVER» ЖШС
баспаханасында
басылды.
Ақтау қаласы,
3-Б ш/а, 55/1 ғим.
тел: 8(7292)507000